

Шалқар аудандық мәслихатының 2017 жылғы 30 қазадағы №135 шешімі
Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 09 қараша № 5688 болып тіркелген

**АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
ШАЛҚАР АУДАНДЫҚ
МӘСЛИХАТЫНЫҢ
ШЕШІМІ**

**РЕШЕНИЕ
ШАЛҚАРСКОГО РАЙОНА
МАСЛИХАТА
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ**

031200, Ақтөбе облысы
Шалқар қаласы,
Әйтеке би, 47 «А»
Тел:8(71335) 21-4-25
Факс:8(71335) 21-2-99
E-mail: maslixat-shalkar@mail.ru

031200, Актюбинская область
г.Шалқар,
ул. Айтеке би, 47 «А»
Тел:8(71335) 21-4-25
Факс:8(71335) 21-2-99
E-mail: maslixat-shalkar@mail.ru

« 30 » қазан 2017 ж.

№ 135

« 30 » октября 2017 г.

**Шалқар қаласы бойынша
коммуналдық қалдықтардың
түзілу және жинақталу
нормаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы №145 «Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10030 тіркелген) бұйрығына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шалқар қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. «Шалқар аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы шешімді Шалқар аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Шалқар аудандық мәслихатының
сессия төрағасы**

Т.Махамбетов

**Шалқар аудандық мәслихатының
хатшысы**

С.Бигеев

Шалқар аудандық мәслихатының
2017 жылғы 30 қазандағы
№ 135 шешіміне
қосымша

Шалқар қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Жүргізілген тексерулер бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу орташа жылдық нормасы, м ³
1	Жайлы үйлер Жайлы емес үйлер	1 тұрғын 1 тұрғын	1,66 1,96
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	0,37
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,40
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,27
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,32
6	Емханалар	1 адам	0,07
7	Ауруханалар, санаторийлер, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	0,91
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,08
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 орын	1,40
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы	1 орын	0,06
11	Мұражайлар, көрмелер	жалпы алаңы 1 м ²	0,04
12	Стадиондар, спорт алаңдары	жоба бойынша 1 орын	0,12
13	Спорт, би және ойын залдары	жалпы алаңы 1 м ²	0,06
14	Азық-түлік дүкендері	сауда алаңы 1 м ²	0,40

15	Машиналардан сату	сауда орны 1 м ²	0,59
16	Өнеркәсіптік дүкендер, супермаркеттер	сауда алаңы 1 м ²	0,19
17	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршіктер, сөрелер	сауда алаңы 1 м ²	0,48
18	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	жалпы алаңы 1 м ²	0,48
19	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базарлары, қоймалар	жалпы алаңы 1 м ²	1,18
20	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	жалпы алаңы 1 м ²	0,10
21	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	жалпы алаңы 1 м ²	1,23
22	Жағажайлар	жалпы алаңы 1 м ²	0,05
23	Дәріханалар	сауда алаңы 1 м ²	0,19
24	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	0,62
25	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,27
26	Гараж кооперативтері	1 гаражға	0,81
27	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	0,74
28	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	жалпы алаңы 1 м ²	0,55
29	Зергерлік, аяқ-киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	жалпы алаңы 1 м ²	0,45
30	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны	0,94
31	Моншалар, сауналар	жалпы алаңы 1 м ²	0,23
32	Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1000 қатысушы	0,07
33	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	0,47